

Қазынашылық міндеттемелерін шығару туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 9 тамыздағы N 1104

Республикалық бюджеттің атқарылу процесін оңайландыру және төлемдер жасамау дағдарысын азайту мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті
Қ а у л ы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздар - қазынашылық міндеттемелерін шығару туралы ұсынысы мақұлданып және қазынашылық міндеттемелерін орналастыру, айналысқа қосу және өтеу тәртібі туралы тіркеліп отырған Ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне қазынашылық міндеттемелерін орналастыру, айналысқа қосу және өтеу тәртібі туралы Ережеге сәйкес қазынашылық міндеттемелерін заңды тұлғалардың бюджет кірісіне төлемдер жасау жөніндегі берешектерін өтеу және бюджеттен қаржыландыру үшін пайдалануға рұқсат е т і л с і н .

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі қазынашылық міндеттемелерінің шығарылу шарттарына сәйкес олардың міндетті түрде өтелуін қамтамасыз ететін болсын.

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне екінші деңгейдегі банкілерде қазынашылық міндеттемелерінің тәртібі мен есебін жасау ұсынылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің

1995 жылғы 9 тамыздағы
N 1104 қаулысымен
бекітілген

Қазынашылық міндеттемелерін орналастыру, айналысқа
қосу және өтеу тәртібі туралы ереже

I. Жалпы ережелер

1. Қазынашылық міндеттемелері мемлекеттік бағалы қағаздар болып табылады.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі қазынашылық міндеттемелерін сериялап шығарады, олардың әрқайсысы жеке шығарылым болып табылады және шығарылымның бүкіл сомасына арналған ауқымды сертификатпен (1-қосымша) х а т т а л а д ы .

3. Қазынашылық міндеттемелерінің әрбір шығарымның өзіндік бірегей нөмірі болады. Бүкіл шығарылымға арналған ауқымды сертификат бірдей екі дана етіп хатталады, олардың бірі өкілетті депозитарийде, ал екіншісі - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінде сақталады. Қазынашылық міндеттемелерінің әр сериясының айналыс мерзімі аяқталғаннан кейін және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі қазынашылық міндеттемелерін ұстаушылар алдындағы өз міндеттемелерін орындаған соң шығарымға арналған ауқымды сертификат өтеледі.

4. Өкілетті депозитарий қазынашылық міндеттемелерін иелену құқығын растайтын депо-шоттардан алынған көшірмелер негізінде қазынашылық міндеттемелерінің өтелу сәтінде олардың ақырғы ұстаушыларымен ақшалай есеп айырысуды жүзеге асыратын төлем агенті ретінде әрекет етеді.

5. Депо-шоттар бойынша құжаттар айналымының реквизиттері мен тәртібі (өкілетті депозитарийдің Регламенті) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен к е л і с і л і п а л ы н а д ы .

Өкілетті депозитарийдегі депо-шоттан алынған көшірме қандай да бір депо-шот ұстаушының қазынашылық міндеттемелерінің меншік құқығын растайтын құжат б о л ы п т а б ы л а д ы .

6. Өкілетті депозитарий қолданылып жүрген заңдарда белгіленген тәртіпте қазынашылық міндеттемелерін есепке қабылдай алады.

7. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі кез-келген уақытта депозитарийден депо-шоттардың иелері туралы ақпарат талап етуге құқылы. Депозитарий депо-шоттар ашқанда оның иелеріне депо-шоттардың жай-күйі туралы эмитентке ағымдағы ақпарат ашу мүмкіндігі жайлы хабардар етуге міндетті.

II. Қазынашылық міндеттемелерін шығару

8. Қазынашылық міндеттемелері құжаттамасыз нысанда өкілетті депозитарийдің депо-шоттарындағы жазба түрінде шығарылады.

9. Шығарымның өлшемдерін қазынашылық міндеттемелерінің шығарылуы мен

айналымда болуының қосымша шарттарында Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі айқындайды және өкілетті депозитарийде депозиттелетін ауқымды сертификатта тіркеледі. Өлшемдер мыналар: қазынашылық міндеттемелерінің шығарылған уақыты, бастапқы құны, шығарымның жалпы көлемі, айналыста болу мерзімі, егер осындай белгіленген болса, қазынашылық міндеттемелері иелерінің тобына қойылатын шектеулер, қазынашылық міндеттемелерінің бастапқы құны бойынша қазынашылық міндеттемелері несие қарызды өтеудің құралы ретінде пайдаланылатын операциялардың ең көп шекті саны. Ауқымды сертификаттың үлгі нұсқасы қоса беріліп отыр.

10. Қазынашылық міндеттемелеріне Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің шешімі бойынша проценттер есептеледі, олардың мөлшері шығарылымның ауқымды сертификатында көрсетіледі.

11. Өкілетті депозитарий Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі атынан берілетін ауқымды сертификатта көрсетілген бүкіл шығарылымға арнап Қазақстан Республикасының қаржы министрлігімен жасасқан шарт негізінде бірінші ұстаушыға депо-шот ашады. Қазынашылық міндеттемелерін ұстаушылар өкілетті депозитарийде өздерінің өтініші негізінде депо-шоттар ашады. Қазынашылық міндеттемелерінің депо-шоттар бойынша қозғалысы өкілетті депозитарийдің регламентіне сәйкес өкімдік құжаттар негізінде жүреді. Қазынашылық міндеттемелерін бір шоттан екінші шотқа аудару негізінде қазынашылық міндеттемелерін ұстаушыларға олардың талап етуі бойынша міндеттемелерді иелену құқығын растайтын депо-шоттар көшірмелері беріледі.

12. Ауқымды сертификатта шығарылымның өлшемдері, сондай-ақ айналыста болуын қосымша шарттары тіркеледі. Мыналар қосымша шарттар болып табылады:

қазынашылық міндеттемелер иесінің бастапқы құны бойынша қазынашылық міндеттемелерімен заңды тұлғаға несиелік қарызын өтеу құқығы және қарызы бар заңды тұлғаның қазынашылық міндеттемелерін қабылдап алу міндеттілігі;

аталған құқықты қолдануға болатын заңды тұлғалар тобына қойылатын шектеулер; жоғарыда көрсетілген шарттарға сәйкес әрбір қазынашылық міндеттемесіне берілетін құқықтардың ең көп шекті саны.

Қазынашылық міндеттемелерінің айналыста болу тәртібі және айналыста болудың қосымша шарттары Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің өкілетті депозитариймен жасасатын шартында тіркеледі. Өкілетті депозитарийге қосымша шарттарға сәйкес қазынашылық міндеттемелерінің мақсатты пайдаланылуына бақылау жасау және әрбір қазынашылық міндеттемесі құқықтарының есепке алынуы жөнінде жауапкершілік жүктеледі.

13. Қазынашылық міндеттемелері ашық сақталады және қайталама нарықта еркін айналыста болады.

14. Қазынашылық міндеттемелері олардың иелерінің тілегі бойынша бюджетке

төленетін салық төлемдері бойынша қарызды өтегенде бастапқы құны бойынша
п а й д а л а н ы л у ы м ү м к і н .

III. Қазынашылық міндеттемелерімен жасалатын о п е р а ц и я л а р

15. Өкілетті депозитарийдегі депо-шот ұстаушы қазынашылық міндеттемелерімен
мынадай операцияларды жүзеге асыра алады:

қазынашылық міндеттемелерін айналыста болу мерзімі аяқталған соң номиналы
б о й ы н ш а ө т е у ;

бюджетке төленетін салық төлемдері бойынша (берешек және ағымдағы) қарызды
қазынашылық міндеттемелерімен өтеу;
айналыста болудың қосымша шарттарына сәйкес қазынашылық

міндеттемелерін несие берушілердің шотына аудару арқылы несие
қарызын өтеу, қазынашылық міндеттемелерімен есеп айырысу
бастапқы құны бойынша жүзеге асырылады;

резидент-заңды тұлғаға сату;

кредиттерді алу мақсатында аманатқа салу;

16. Депозитарийдің қазынашылық міндеттемелерінің иесіне
өздері өкімдік құжаттарда келіскен қазынашылық міндеттемелерінің
санын өкілетті депозитарийде олардың ықтимал иелері ашқан
шоттарға аударудан бас тартуға құқығы жоқ.

17. Депозитарийдегі депо-шоттар және әрбір иегердің
шотындағы міндеттемелердің саны туралы ақпарат қатаң түрде құпия
болып табылады.

IV. Қазынашылық міндеттемелерін өтеу

18. Қазынашылық міндеттемелерін өтеуді Қазақстан Республикасының Қаржы
министрлігімен жасасқан шарт негізінде төлем агенті жүзеге асырады. Өкілетті
депозитарий төлем агенті бола алады.

19. Өкілетті депозитарий айналыс мерзімі аяқталғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде
өтеуге арналған жиынтық ведомость жасайды, онда алушылардың реквизиттері (Ү
бөлімге сәйкес қазынашылық міндеттемелерінің иелері және облыстық есептеу-касса
орталықтары) және өтеу сомасы көрсетіледі және ол оны Қазақстан Республикасының
Қ а р ж ы м и н и с т р л і г і н е б е р е д і .

20. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі өтеуге арналған жиынтық ведомосты алғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде шығарылым көлемінде (қазынашылық міндеттемелерінің бастапқы ақша қаржыларын депозитарийдің корреспонденттік шотына аударды).

21. Депозитарий қаржылар өз шотына түскеннен кейін 7 жұмыс күнінен кешіктірмей оларды алушылардың шотына аударды.

Ү. Бюджет кірісіне төлемдер төлеу жөніндегі қарызды өтеу тәртібі

22. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі қазынашылық міндеттемелерін заңды тұлғалардан бюджетке төленетін салық төлемдері бойынша (берешек және ағымдағы) берешекті өтеу есебіне қабылдайды.

23. Аталған берешекті өтеу үшін қазынашылық міндеттемелерін есепке алу заңды тұлғалардың өкілетті депозитарийге беретін өтініштері негізінде жүргізіледі.

24. Заңды тұлғаның қарызын өтеуге бір мезгілде салықтың төрт түрі: заңды тұлғалардан алынатын табыс салығы, қосымша құнға салынатын салық, акциздер, арнаулы төлемдер және жер қойнауын пайдаланушылар салықтары жөнінде осы заңды тұлға өтініш берген күнгі жағдаймен заңды тұлға бойынша берешек сомасы қабылданды.

25. Егер осы салық төлеуші бойынша көрсетілген салық түрлері жөніндегі берешек сомасы заңды тұлға төлейтін сомадан кем болса, онда қалған сома ағымдағы салық төлемдерін бюджетке есепке алу арқылы өтеледі.

26. Заңды тұлға жоғарыда аталған берешекті қазынашылық міндеттемелермен өтеуге өтініш берген кезде тиісті сома заңды тұлғаның депо-шотынан есептен шығарылып, республикалық бюджеттің депо-шотына есептеледі. Осы операцияны орындағаннан кейін өкілетті депозитарий заңды тұлғаға тиісті көшірме береді, соның негізінде салық инспекциясы есепке алынған берешекті есептеп шығарады.

27. Өкілетті депозитарий бюджет төлемдері бойынша берешектердің өтелу есебін жүргізеді және ай сайын келесі айдың 7-іне дейін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне табыстар мен облыстар бойынша заңды тұлғалардың бюджетке берешектерін өтеу жөнінде жиынтық ведомостар тапсырып отырады (2 қосымша).

28. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі қазынашылық міндеттемелердің шығарылымын өтеп, шығарылым көлеміндегі ақша қаражатын депозитарийдің корреспонденттік шотына аударған кезде республикалық бюджеттің депо-шотындағы қазынашылық міндеттемелердің нақты көлеміне сәйкес келетін сомаларды депозитарий облыстық есептеу-касса орталықтарына салық түрлері бойынша республикалық бюджеттің кіріс шоттарына аударды, мұнда белгіленген проценттермен олардың аударымы жасалады. Облыстық есептеу-касса орталықтары

белгіленген тәртіппен және бекітілген процентпен жергілікті бюджетке депозитарий аударған сомалардан аударым жасайды. Бір мезгілде депозитарий кіріс бөлімдері мен тұлғалар бойынша бюджет төлемдері жөніндегі қарыздарды өтеу туралы жиынтық ведомостар тапсырады, олар есептелген сомаларды тексеру үшін салық инспекцияларына тапсырылады.

ҮІ. Қазынашылық міндеттемелермен жасалатын операцияларды бухгалтерлік есепте көрсету тәртібі

29. Қазынашылық міндеттемелердің бухгалтерлік есебін заңды тұлғалар - қазынашылық міндеттемелерді ұстаушылар "қысқа мерзімді қаржы салымдары" 58 баланс шотында "Қазынашылық міндеттемелер" қосымша шотына жүргізеді.

30. Қазынашылық міндеттемелердің бірінші ұстаушысы бастапқы құны бойынша "Мақсатты қаржыландыру мен түсімдер" 96 шотымен ("Қазынашылық міндеттемелер" қосымша шоты) корреспонденцияда "Қысқа мерзімді қаржы салымдары" 58 шотының ("Қазынашылық міндеттемелер" қосымша шоты) дебеті бойынша кіріске алынады.

31. Қазынашылық міндеттемелерді аудару арқылы кредиттік берешекті өтеген кезде қазынашылық міндеттемелерді ұстаушы олардың бастапқы құны бойынша "қысқа мерзімді қаржы салымдары" 58 шотының ("Қазынашылық міндеттемелер" қосымша шоты) кредиті көрсетілген корреспонденцияда тиісті баланс шоттарға дебетке алады.

Қазынашылық міндеттемелерді дебиторлық қарызды өтеу есебіне алу "Өртүрлі дебиторлармен және кредиторлармен және т.б. есеп айырысу" 62 шотының кредиті көрсетілген корреспонденцияда "Қысқа мерзімді қаржы салымдары" 58 шотының ("Қазынашылық міндеттемелер" қосымша шотының) дебеті бойынша бастапқы құны мөлшерінде көрсетіледі.

32. Қазынашылық міндеттемелерді ақша қаражатын аудару арқылы қазынашылық міндеттемелердің соңғы ұстаушысына өтеу кезінде келіп түскен сома бастапқы құны мөлшерінде "Қысқа мерзімді қаржы салымдары" 58 шотының ("Қазынашылық міндеттемелер" қосымша шоты) кредиті көрсетілген корреспонденцияда ақша қаражатын есепке алу шоттарының және міндеттеме бойынша проценттер сомасына "пайда және залалдар" 80 шотының дебеті бойынша көрсетіледі.

33. Қазынашылық міндеттемелерді салықтан босату арқылы өтеу кезінде "бюджеттен есеп айырысу (тиісті қосымша шоттар)" 68 шотына дебетке алынып, "қысқа мерзімді қаржы салымдары" 58 шотына ("Қазынашылық міндеттемелер" қосымша шоты) несиеленіп, алынған салықтан босату рұқсатымен реквизиттері міндетті түрде талдама есепте көрсетіледі.

34. Қазынашылық міндеттемелердің бастапқы ұстаушысы оларды өтеу мерзімі келгенде "мақсатты қаржыландыру мен түсімдер" 96 шотын ("Қазынашылық

міндеттемелер" қосымша шоты) тиісті шоттардың нақты пайдаланылуы көрсетілген олардың корреспонденциясында дебетке алады.

35. Қазынашылық міндеттемелерді екінші қайтара орналастыру кезінде оларды сату, беру, басқа да жолдармен пайдалану (жоғарыда көрсетілген жағдайлардан басқа кезде) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 1992 жылғы 18 желтоқсандағы N 56 бұйрығымен бекітілген кәсіпорындардың қаржы-шаруашылық қызметінің бухгалтерлік есебі шоттарының Жоспары қолдану жөніндегі Нұсқаулық белгілеген тәртіпте "өзге активтерді өткізу" 48 шотында көрсетіледі.

Қазынашылық міндеттемелерді екінші қайтара орналастыру кезінде оларды сатып алу бағасынан төмен келісімді бағамен өткізген жағдайда қазынашылық міндеттемелерді сату бағасы мен олардың баланс құнының арасындағы айырма "пайданы жұмсау" 81 шотының дебеті және "өзге активтерді өткізу" 48 шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

36. Бухгалтерлік есепті бюджеттік мекемелер мен ұйымдарға арналған шоттар жоспары бойынша жүргізетін қазынашылық міндеттемелерді ұстаушылар - министрліктер мен ведомстволар бастапқы құны бойынша алынған қазынашылық міндеттемелердің сомасын бухгалтерлік есепте "қаржы салымдары" 134 қосымша шотының дебеті және "Мекемелерді ұстауға арналған басқа да қаражат" 238 қосымша шотының кредиті бойынша көрсетеді. 134 және 238 қосымша шоттары бойынша талдама есеп 292 нысанды кітапта немесе 292-а кәртішкесінде жүргізіліп, қазынашылық міндеттемелердің алынған және өткізілген (сату, беру, басқа да жолдармен өткізу) күндері көрсетіледі.

Егер беру кезінде қазынашылық міндеттемелердің келісімді

бағасы бастапқы құнынан өзгеше болған жағдайда бастапқы құнынан артып түскен сомаға 134 қосымша шоты дебетке алынады және 238 қосымша шоты кредиттеледі, бастапқы құнынан төмен сомаға 238 қосымша шоты дебетке алынады 134 қосымша шоты кредиттеледі.

37. Осы көрсетілген қосымша шоттар бойынша жүргізілетін операциялардың бухгалтерлік есебі бюджетте тұратын мекемелердегі бухгалтерлік есеп бойынша КСРО Қаржы министрлігінің 1987 жылғы 10 наурыздағы N 61 Нұсқаулығына сәйкес жүргізіледі.

1-қосымша

Қазынашылық міндеттемелер шығарылымын
ауқымды сертификаты

Осы ауқымды сертификат қазынашылық міндеттемелер (бұдан әрі - міндеттемелер) шығарылымының бүкіл көлеміне рәсімделген.

Міндеттемелерді Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы " " _____ N _____ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі шығарады.

Шығарылымның негізгі өлшемдері 1995 жылғы " " _____ N _____ бекітілген.

Мемлекеттік тіркеу нөмірі:

Шығарылымның көлемі: _____ теңге

Бір міндеттеменің бастапқы құны _____ теңге

Міндеттемелерді орналастырудың басталған уақыты 1995 жылғы " " _____

Шығарылым нысаны - құжаттамасыз. Шығарылым осы ауқымды сертификатпен рәсімделген. Міндеттемелерге меншік құқығы депозитарийдегі депо-шоттарға жазып қою түрінде тіркеледі. Міндеттемелердің бастапқы иелеріне депо-шоттар осы ауқымды сертификаттың қосымшасына сәйкес ашылады.

Айналыста болудың қосымша шарттары: құқықтар саны _____

Міндеттемелердің айналыста болуы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен өкілетті депозитарий - банктің арасында 1995 жылғы " " _____ жасалған N _____ шартқа сәйкес жүзеге асырылады.

Осы ауқымды сертификат Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен депозитарий - банк үшін бір-бірден - екі түпнұсқа данада жасалады.

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі _____/ _____/

Шығарылымның өлшемдері келісілді

Банктің бірінші басшысы _____/ _____/

Алматы қаласы " " _____ 1995 ж.

Өтелгеннен кейін толтырылады:

қазынашылық міндеттемелері 1995 жылғы " " _____

теңге сомасында өтелді

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігінен

Банктен

-----/ -----/ -----/ -----/

2 қосымша

Есеп беру нысандары
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің
Бас салық инспекциясы үшін

Рет|Заңды | Салық төлемдері бойынша қарызды өтеу есебіне |Жалпы
N |тұлға.| жұмсалған қазынашылық міндеттемелердің саны |саны
ның	-----			
атауы	Заңды тұл.	Қосылған	Акциздер	Арнаулы төлемдер,
	ғалардан	құнға		жер қойнауын пай.
	алынатын	салынатын		даланушылардың
	табыс	салық		салықтары
	салығы			

облыстық есептеу-касса орталықтары үшін
I-нысан

Рет| Заңды |Өтелген | Заңды тұлғалардан алынатын табыс салығы
N |тұлға. |уақыты | бойынша қарызды өтеу есебіне жұмсалған
|ның | |қазынашылық міндеттемелердің саны
|атауы | |

2-нысан

Рет| Заңды | Өтелген | Қосылған құнға салынатын салық бойынша
N | тұлғаның | уақыты | қарызды өтеу есебіне жұмсалған қазынашылық
| атауы | | міндеттемелердің саны

3-нысан

Рет| Заңды | Өтелген | Акциздер бойынша қарызды өтеу есебіне
N | тұлғаның | уақыты | жұмсалған қазынашылық міндеттемелердің
| атауы | | саны

4-нысан

Рет| Заңды | Өтелген| Ренталық төлемдер бойынша қарызды өтеу есебіне
N | тұлғаның | уақыты | жұмсалған қазынашылық міндеттемелердің
| атауы | | саны

